## Инвестициялау мақсаты

Зейнетақы активтерінің сақталуын және ықтималдығы жоғары деңгейдегі зейнетақы активтері құнының сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін тәуекел деңгейі кезінде ұзақ мерзімді келешекте нақты табыс алуды қамтамасыз ету

## Портфель параметрлері

*Басқарушы*: **ҚР Ұлттық Банкі**
*Негізгі валюта*: **Қазақстан теңгесі**
*Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфель құны* – **12 727 710 290 мың теңге**

## «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліне шолу

### Инвестициялық қызмет нәтижесі

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде, сондай-ақ шетелдік валюталар бағамының құбылмалылығы салдарынан және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі нәтижесінде 2020 жылдың басынан есептелген инвестициялық табыс көлемі **1,2 трлн. теңгені** құрады.

БЖЗҚ салымшалары (алушылары) үшін соңғы 12 айға 2020 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша жылдық инфляция 7,30% болғанда зейнетақы активтерінің кірістілігі **10,58%-ды** құрады. Зейнетақы активтері бойынша нақты кірістілік **3,28%**-ды құрады.

Есептелген инвестициялық кіріс құрылымы:

*млрд.теңге*

| Атауы | 2020 жылдың басынан түскен инвестициялық кіріс |
|---|---|
| Бағалы қағаздар, орналастырылған салымдар және «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түріндегі табыстар | 757,18 |
| Бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан табыс (шығын) | 30,03 |
| Шетелдік валютаны қайта бағалаудан табыс (шығын) | 318,59 |
| Басқа активтерді қайта бағалаудан (БҚҚ) табыс (шығын) | - 5,49 |
| Сыртқы басқарудағы активтер бойынша табыс (шығын) | 62,64 |
| Басқа табыстар (шығындар) | 9,25 |
| **Жиынтығы:** | **1 172,20** |

### Зейнетақы активтері порфелінің құрылымы, %




### 1998-2019 жылдар аралығында жинақталған инфляция және инвестициялық кірістілік.



**Валюталар бөлігіндегі зейнетақы активтері портфелінің құрылымы**




**Кредиттік сапа бойынша зейнетақы активтері портфелінің құрылымы**




БЖЗҚ инвестициялық декларациясында белгіленген зейнетақы активтерінің валюталық портфелін мақсатты бөлуге сәйкес жаһандық акцияларға, дамушы елдердің облигацияларына және инвестициялық деңгейдегі корпоративтік облигацияларға индексті инвестициялау үшін мынадай шетелдік басқарушы компаниялар тартылды:

- **Aviva Investors Global Services Limited дамушы елдер облигацияларының мандаты бойынша;**
- **HSBC Global Asset Management (UK) Limited және Robeco Institutional Asset Management B.V. жаһандық акциялар мандаты бойынша;**
- **PGIM Limited и Principal Global Investors (Europe) Limited инвестициялық деңгейдегі корпоративтік облигациялар мандаты бойынша.**

Халықаралық шәкіл бойынша «ААА»-дан «BBB-» дейінгі бағалы қағаздар/эмитент рейтингісі бар барынша төмен тәуекел деңгейдегі қаржы құралдары инвестициялық портфельдің[1] **84,75%**-ын құрайды.

Халықаралық шәкіл бойынша «BB+»-дан «B-» дейінгі рейтингісі бар қаржы құралдары **11,97%**-ды құрайды, **0,54%**– «B-» төмен**.**

Ұлттық шәкіл бойынша «kzBB+» рейтингісі бар қаржы құралдары **0,12%**-ды құрайды.

Рейтингтік бағасы жоқ қаржы құралдары **2,62%**-ды құрайды.

**Экономика секторлары бойынша зейнетақы активтері портфелінің құрылымы**




* –сыртқы басқарудағы активтер, дебиторлық берешек, шоттардағы ақша қаражатының қалдығы және туынды қаржы құралдары

**Елдер бөлігіндегі шетелдік эмитенттер**




---

[1] Сыртқы басқарудағы активтер, шоттардағы қалдық, жолдағы ақша және басқаларды қоспағанда, инвестициялық портфельдегі активтер.